

Астана қаласы әкімдігінің «№112 орта мектеп» КММ

*"Қайырымдылық жүректе"*  
*қайырымдылық концертi*

**Ұйымдастырған:**  
**Әдеуметтік педагог: Кулжабекова С.О**

**АСТАНА, 2025**

**«Қайырымдылық жүректе» атты қайырымдылық акциясы аясында  
өтетін қайырымдылық концертінің бағдарламасы**

1. Ашылуы. *Қазақ биі. «Сая» шоу балеті. Жетекшісі: Айгерім Бейсенбайқызы. (ЗАСТАВКА ОЮ)+*
2. **Жүргізушілер Фанфармен**
3. Пролог. *(Фонда «Көңіл толқыны»)+*
4. Қойылым: «Қайырымдылық» *(Заставка + «Көңіл толқыны»)+*  
**Директор сөзі - марапаттау**
5. Ән «Бұлбұлым». *Бигозинова Қымбат. (Футаж)+*
6. Монолог «Жетім қыз». *Жексенғалиева Еркеназ (ЗАСТАВКА +  
ФОНОВАЯ МУЗЫКА)+*
7. Испан биі. *«Сая» шоу балеті. Жетекшісі: Айгерім Бейсенбайқызы (Футаж)+*
8. Көркем сөз. *«Бақыт геометриясы». Темирова Айнұр Рысбекқызы. (Заставка + ФОНОВАЯ МУЗЫКА)+*
9. Фортепиано. *Людвиг ван Ветховен – К Элизе. Шалбаева Малика Ержановна. +*
10. Фортепиано. *Нұрғиса Тілендиев - Құстар әні. Өндеген: Омарова Асель. Шалбаева Малика Ержановна. (ЗАСТАВКА)+*
11. Ән «Екі зашық». *Сатмұхамбетовтар отбасы. Тлеуке мен Арайлым. (Футаж)+*
12. Ән «Мектебім». *Сатмұхамбетовтар отбасы. Тлеуке мен Арайлым+*
13. Дуэт. *«Ана Әке» (Футаж)+*
14. ӘН «Өзім елім». *Қылдыбаев Олжас Жұмабайұлы (ЗАСТАВКА или Футаж)-*

## «Қайырымдылық жүректе» атты қайырымдылық акциясы аясында өтетін қайырымдылық концертінің сценарийі

**Мақсаты:** Адамзат санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, әлеуметтік жағдайы төмен балаларға көмек көрсету, кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулу. (такырып 1- слайд)

### Ашылуы ( Қазақша би)

**1 - жүргізуші:** Армысыздар қадірменді қонақтар!

Бүгінгі «Қайырымдылық жүректе» атты сырлы сезім мен жылулыққа толы кешімізге қош келдіңіздер!

**2 жүргізуші:** Уважаемые гости! Добро пожаловать на этот теплый и душевный вечер «Милосердие в сердцах»! Сегодняшний вечер является отражением стремления к добрым делам, искренности и человечности.

**1 - жүргізуші:** Шынымен Рахат, қайырымдылық — бұл жүрек үнін тыңдай білу, өзгеге шын пейілмен қол ұшын соза білу емес пе?! Ал біздің мектебімізде әртүрлі тағдыры бар балалар білім алуды. Біз өз тарапымыздан мүмкіндігінше осы балалардың болашағының жарқын болуын, көңіл — күйлерінің көтеріңкі болуына аз да болса көмек бергіміз келеді.

**2 жүргізуші:** Да, Айсулу, думаю что каждый щедрый шаг — это лучший способ выразить доброту. Сегодня мы вместе с вами распространяем лучи добра и оказываем помощь тем, кто в ней нуждается. Давайте откроем свои сердца и зажжём огонь доброты, чтобы хоть немного улучшить этот мир.

### I. Пролог. Бастауыш бірлестігі (ФОН «Көңіл толқыны»)

- 1. Өмірді мен жомарт деп айта алмаймын  
Бекер айттым екен деп айта қайта алмаймын  
Өйткені біреулерге бақыт қонса,  
Біреулер сорлап жатыр байқалмай тым.*
- 2. Өмірді жұмақ деп те таңданбаймын  
Сазды әуенге елітіп алданбаймын  
Бір әумесер есірсе есі кетіп,  
Біреулерді күрсінтіп жүр толған қайғың.*

3. *Бұл өмір тәтті де емес тамсанатын  
Жеткізіп айта алмаған қаншама ақын  
Ойсыздарға ой салған оқпан болып  
Асып – тасқан жерінде ән салатын*
4. *Күлкі емес күмбір қағып мөлдіреген  
Анаңның жүрегі емес елжіреген  
Еркелетіп бойына үйретіп ап,  
Кеудеңе кептеп қояр желді үдеген.*
5. *Кейде жұрттың бәрінен артық етіп,  
Түсірмейді қолынан асық етіп.  
Бұл өмірге, апыр-ау дауа барма?  
Кейде нұқып тастайды жасық етіп.*
6. *Қызығы да өмірдің осы болар,  
Сан қилы мінезімен тосып алар.  
Бірде сипап маңдайдан, бірде соғып,  
Бауырындай құшақтап қосып алар.*

### Көрініс «Қайырымдылық»

**1- жүргізуші:** Ал құрметті көрермендер, қошеметтеріңіз осы мейірім мен ізгіліктің бір тамшысын өнер арқылы жеткізуді мақсат еткен жандарға арналсын.

**2 - жүргізуші:** Айсулу, поэтому открывая наш вечер, выражаем искреннюю благодарность каждому участнику и зрителю. Пусть тепло ваших сердец никогда не угасает!

**1 - жүргізуші:** Олай болса бүгінгі қайырымдылық концертін ашып беру үшін мектеп директоры .....  
өзіңізді ортаға шақырамыз.

.....

**1 – жүргізуші:** Өте дұрыс айтасыз, біздің қоғам «Бала – біздің ертеңіміз» деген ұстанымды берік ұстанған жанашыр адамдарға толы. Дәл қазір қамқорлықтары арқылы әр балаға сенім мен адалдықтың шуағын сыйлап, талай игілікті істерімен өнеге болған қамқор жандарға алғыс білдіру кезегі келіп тұрған секілді. Олай болса Мектеп директоры атынан демеушілерді марапаттап қояйық.

**Алғыс хат**  
**Құрметті .....**

Қазақ халқының асыл қасиеттерінің бірі – жомарттық пен кең пейілділік. Бұл қасиет адам баласының жақсылық жасауға деген шынайы ниеті мен ізгі амалының көрінісі. Сіз «Қайырымдылық жүректе» қайырымдылық акциясы аясында демеушілік танытып, шынайы қолдау көрсетіп, үлкен қайырымдылыққа үлес қостыңыз.

Сіздің кең жүрегіңізден шыққан жомарттық көптеген балаларға қуаныш сыйлап, олардың болашағына сенім ұялатты. Осындай игі істеріңізбен барша қауымның алғысына бөленіп отырсыз.

Сізге шексіз алғысымызды білдіре отырып, отбасыңызға амандық, жұмысыңызға табыс, өміріңізге молшылық пен береке тілейміз!

Келесі демеушіміз:

.....

Кәсіподақ комитетінің алғыс хатымен ..... марапатталады. Сондай ақ ..... Сізді Аманат партиясының алғыс хатымен марапаттауға рұхсат етіңіз!

**1 - жүргізуші:** Көп рахмет! Жүрекке жылулық сәулесін шашып, балаларға қол ұшын беруге деген ыстық ықыластарыңыз бен шынайы жанашырлықтарыңызға бас иеміз. Сіздердің құрметтеріңізге

*«Бұлбұлым» әнімен Бигозинова Қымбат.*

*«Жетім қыздың монологы» сазсырнай ойнап шығады.*

(Экранда жетімдер үйінің көрінісі. Сахнада аулада жүрген балалар)

**(Сахна сыртынан хабарланады)**

**2 - жүргізуші:** Ваши аплодисменты. Перед вами выступила выпускница театрального и вокального отделения Школы искусств

*Жексенгалиева Еркеназ.*

А теперь зажигательный испанский танец от шоу-балета «Сая» подарит всем частичку южного солнца! Встречаем!

**1 – Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, қазір сахна төріне ерекше бір жанды шақырғалы отырмыз. Сол жанмен бірге «Бақыт деген не?» деген сұрақтың жауабын бірге іздеп көрейікші. Олай болса алдарыңызда М. Шахановтың “Бақыт геометриясы” шығармасымен көркем сөз оқу шебері:

Темирова Айнұр Рысбекқызы.

**2 - жүргізуші:** Иногда, оставив все личные заботы, мы испытываем непреодолимую жажду выражения благодарности. А сейчас на сцену выйдет человек, который подарит всем вам ту радость который Вы хотите подарить детям. Встречайте

Шалбаева Малика Ержановна

*Выпускница Казахского Национального университета искусств. Старший преподаватель школы "Sartay Music". /2 номер орындалады/*

- 1. С проведением Людвиг ван Ветховена – К Элизе. Шалбаева Малика Ержановна.*
- 2. Нұрғиса Тілендиев - Құстар әні. Өндеген: Омарова Асель. Шалбаева Малика Ержановна.*

**1 – Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, қадірлі достар! Балаларға қолдау көрсетіп, мейірім мен жомарттық танытқандарыңызға шын жүректен алғыс айтамыз. Бала бауыр етіміз, олардың өмірі жарқын болсын. Келесі орындалар ән өздеріңізге арналады. Қарсы алыңыздар:

*Сатмұхамбетовтар отбасы.*

Глеукен мен Арайлым /2 номер орындалады/

- 3. «Екі гашық» композитор Сыдық Мұхаметжанов*
- 4. «Мектебім» орындайтын автор*

**2 – Жүргізуші:** Дорогие гости, следующий номер действительно трогает душу. Эта песня - о самом важном, о любви и уважении к родителям. Ведь забота о маме и папе, их благословение — это то, что делает нас по - настоящему счастливыми.

Дуэт «Ана Әке»

Жексенгалиева Еркеназ с мамой Кулжабекова Сая

**1 - Жүргізуші:** Құрметті көрермендер!

Жаңа ғана естіген ән махаббат тереңдігін және ана мен әкенің құндылығын сезінуге мүмкіндік берді. Ата-ана сүйіспеншілігі мен ата -анаға деген махаббат – бізбен мәңгі қалатын баға жетпес сыйлық. Ал енді осы жылылық толқынын жалғастыратын:

*Қылдыбаев Олжас Жұмабайұлы «Өз елім» әнімен*

**Қорытынды бөлім:**

**1-жүргізуші:** Құрметті көрермендер, міне, Бүгінгі кеш мейірімділікке, жылулыққа және ең шынайы сезімдерге толы болды.

**2 - жүргізуші:** Совершенно верно! Мы надеемся, что каждый из вас унесёт с собой частичку этого настроения и вдохновения. А самое главное — благодарим всех, кто поддержал это доброе дело.

**1-жүргізуші:** Келесі кездескенше, достар! Жақсылық әрдайым қайтып оралатынын ұмытпаңыздар. Әрдайым жүректеріңіз мейірімге, жанарыңыз қуанышқа толы болсын!

**2-жүргізуші:** Спасибо, что были с нами! Помните, добро всегда возвращается. Пусть добро и забота, которые вы ощутили сегодня, станут частью вашей повседневной жизни.

# АЛҒЫС ХАТ

Құрметті \_\_\_\_\_!

Қазақ халқының асыл қасиеттерінің бірі – жомарттық пен кең пейілділік. Бұл қасиет адам баласының жақсылық жасауға деген шынайы ниеті мен ізгі амалының көрінісі. Сіз «Қайырымдылық жүректе» қайырымдылық акциясы аясында демеушілік танытып, шынайы қолдау көрсетіп, үлкен қайырымдылыққа үлес қостыңыз.

Сіздің кең жүрегіңізден шыққан жомарттық көптеген балаларға қуаныш сыйлап, олардың болашағына сенім ұялатты. Осындай игі істеріңізбен барша қауымның алғысына бөленіп отырсыз.

Сізге шексіз алғысымызды білдіре отырып, отбасыңызға амандық, жұмысыңызға табыс, өміріңізге молшылық пен береке тілейміз!

Директор:

К.К Жумаханов

Астана, 2025